



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 12 желтоқсан

Инфляция ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша 6-8% нысаналы дәліздің ішінде қалады - Д. Ақышев

Инфляция 2017 жылғы 11 айда 6,3% деңгейде қалыптасты. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Үкіметінің селекторлық режимдегі отырысында баяндамаға жасаған кезде хабарлады.

Д. Ақышев жылдық инфляцияның 7,3% болғанын және 6-8% нысаналы дәліздің ішінде қалғанын атап өтті. Қазақстан Ұлттық Банкінің бағалауынша, инфляция ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша 6-8% нысаналы дәліздің ішінде қалады. Ұлттық Банк өткен аптада Ақша-кредит саясатының 2018 жылға арналған негізгі бағыттарын қабылдады, онда инфляцияға 5-7% дәлізде қол жеткізу негізгі міндет ретінде айқындалған.

«Инфляцияны төмендету Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесін және тиісінше, елдегі теңгедегі ресурстардың құнын одан әрі төмендету үшін негізгі талап болып табылады», - деді қаржы реттеушісінің басшысы.

Д. Ақышев базалық мөлшерлеменің жыл басынан бері үш рет төмендетілгенін еске салды. Бүгінде ол 10,25%-ды құрайды. Ұлттық Банктің тарапынан ақша-кредит талаптарын жұмсарту азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар нарықтарындағы күйзелістер болмаған кезде де орын алады.

«Ақша нарығындағы мөлшерлемелер базалық мөлшерлеме аясында қалыптасуда. Тиісінше, жылдың басынан бері Ұлттық Банктің құралдары бойынша кірістілік, атап айтқанда қысқамерзімді ноттар нарығындағы кірістілік төмендеуде», - деді Д. Ақышев. Ол бұл жағдайдың ақша нарығының тартымдылығын біртіндеп төмендетуге мүмкіндік беретінін және экономиканы кредиттеу үшін бос қаражаттың әкетілуі үшін алғышарттар жасайтынын атап өті. Жыл басында ноттар бойынша ең жоғары мөлшерлеме 12% болса, бүгінгі күні ол 9,41%-ды құрайды.

Данияр Ақышев қаржы нарығының көрсеткіштері туралы хабарлады

Валюта нарығындағы ахуал тұрақты. Ұлттық валютаның орта мерзімді перспективадағы бағамын айқындайтын іргелі факторлар оңтайлы қалыптасуда. 2017 жылғы 11 айда теңге номиналды көрсетуде 0,6%-ға нығайды. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Үкіметінің селекторлық режимдегі отырысында баяндамаға жасаған кезде хабарлады.

Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері алдын ала деректер бойынша 11 айда 6,4%-ға 31,4 млрд. АҚШ долларына дейін өсті. «Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері 57 млрд. АҚШ долларын құрады. Жалпы халықаралық резервтер 88,4 млрд. АҚШ долларын құрады», - деді қаржы реттеушісінің басшысы.

Сонымен бірге Данияр Ақышев депозиттер көлемінің жай-күйі туралы айтып берді: «Депозиттер көлемі жыл басынан бері валюталық депозиттердің нақты әкетілуі есебінен 0,6%-ға төмендеп, қазанның соңында 18 трлн. теңге болды. Шетел валютасындағы салымдар 10%-ға қысқарды, ал теңгемен салымдар 11%-ға ұлғайды. Нәтижесінде шетел валютасындағы салымдардың үлесі 2016 жылғы қаңтардағы 70%-бен салыстырғанда 49,4%-ға дейін төмендеді».

Қорытындылай келе қаржы реттеушісінің басшысы депозиттер бойынша мөлшерлемелерді нарыққа қатысушылар дербес айқындайтынын айтып берді. Ұлттық Банк тек ең жоғары мәнін белгілейді. «Іс жүзінде ірі банктер теңгедегі депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелерді ұсынады, бұл біртіндеп кредиттеу құнының төмендеуіне әкеледі», - деді Д. Ақышев.

Д. Ақышев: Банктердің кредиттік белсенділігінің жандануы жалғасуда

10 айда банктердің экономикаға кредиттерінің көлемі 3,2%-ға 13,1 трлн. теңгеге дейін ұлғайды. Теңгемен кредиттер 11%-ға 9,5 трлн. теңгеге дейін өсті. Шетел валютасымен кредиттер 13,4%-ға қысқарды. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Үкіметінің селекторлық режимдегі отырысында баяндамаға жасаған кезде хабарлады.

2017 жылы көптеген банктерде кредиттеудің біртіндеп қалпына келуіне қарамастан, қалыпқа келтіру процесі және нашар портфельдерді баланстан есептен шығару, сондай-ақ жекелеген институттарды лицензияларынан айыру 2017 жылы кредиттеудің статистикалық көрсеткіштеріне теріс әсер етеді.

«Заңды тұлғаларға теңгемен кредиттер бойынша мөлшерлеме 2017 жылғы қаңтардағы 15,2%-дан қазанда 13,5%-ға дейін төмендеді», - деді Д. Ақышев.

Сонымен бірге Данияр Ақышев төлем жүйелерінің көрсеткіштері туралы хабарлады: «2017 жылғы 10 айда Ұлттық Банктің төлем жүйелері арқылы 30 млн. транзакция жүргізілді. Төлемдер сомасы 714 трлн. теңгеге жетті, бұл 2016 жылғы 10 айдағы төлемдерге қарағанда 49%-ға көп».

Ұлттық Банк қаржы секторының субъектілерін реттеу жұмысын жалғастыруда - Д. Ақышев

Ұлттық Банк ағымдағы жылғы қыркүйекте жұмыс істемейтін кредиттердің деңгейін төмендету және экономиканы кредиттеуді одан әрі ұлғайтуға жағдайлар жасау үшін ірі банктерді қосымша капиталдандыруды қамтамасыз етуге бағытталған банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасын іске асыра бастады. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Үкіметінің селекторлық режимдегі отырысында баяндамаға жасаған кезде хабарлады.

Сақтандыру және сақтандыру қызметі саласында заңнамалық өзгерістердің жобасы әзірленіп, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде қаралуда.

Д. Ақышев заң жобасының сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігін арттыруға жағдайлар жасауға, сақтандыру қызметтерінің сапасын арттыруға және құнын төмендетуге, сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге, сақтандыру нарығының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті.

Сөзін қорытындылай келе қаржы реттеушісінің басшысы Үкіметтің және Ұлттық Банктің қор нарығын дамыту жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары дайындалғанын атап өтті. Бүгінгі күні Жоспар мемлекеттік органдармен келісілуде.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz